

«Панфилов ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2017 жылдың 1 қазанына мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызмету туралы есебі

1. Жалпы ережелер.

1. «Панфилов ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – бөлім) Панфилов ауданының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ветеринария саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру негізінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» туралы Заңы негізінде жұмыс атқарады.

Қызметті беруші туралы мәлімет: «Панфилов ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі, почталық мекен-жайы: 041300, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Иванов көшесі №94. байланыс тел. номері: 8(72831)5-10-30

2017 жылдың 1 қазанына көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:

Көрсетілген қызметтер саны барлығы – 7521, оның ішінде;

-Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру - 27.

-Ветеринариялық анықтама беру - 2626;

-Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу - 4840.

-Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау – 0.

-Жануарларды өсіруді, жануарларды союға дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және сатуды жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем және жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және сату бойынша өндіріс объектілеріне тіркеу нөмірлерін беру - 28.

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттарға қол жеткізу көздері мен орындары: «Панфилов ауданының ветеринария бөлімі» ММ ғимаратында көрнекті ақпарат құралдары – стандарттар мен регламенттердің мәтіні ілінген стендтер орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін азаматтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау

2017 жылдың 1 қазанына көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ.

Ескертпе: есеп «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңының 23-бабының 5 және 6-баптарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және

мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын жетілдіру мақсатында ұсынылды.

**Панфилов ауданының
ветеринария бөлімінің
басшысының м.у.а**



Қ.Ракишов

*Орынд: С.Курманбеков
Тел:5-10-30*